



БҰЙРЫҚ

2014 жылғы 15 қазан
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 429
город Астана

**Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрлігінің
комиссияларын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі –
Министрлік) қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мынадай:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес білім және ғылым жүйесін
дамытуды стратегиялық жоспарлау жөніндегі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес білім және ғылым саласының
стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын іске асыру барысын үйлестіру
және мониторингтеу жөніндегі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес білім берудің барлық деңгейлерінің
мазмұны және әдіснамасы жөніндегі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес статистика, жинақтық талдау және
ақпараттық жүйені дамыту жөніндегі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес білім және ғылым саласындағы
сапаны бақылау жөніндегі комиссиялар құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес білім және ғылым жүйесін
дамытуды стратегиялық жоспарлау жөніндегі;

2) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес білім және ғылым саласының
стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын іске асыру барысын үйлестіру
және мониторингтеу жөніндегі;

3) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес білім берудің барлық деңгейлерінің
мазмұны және әдіснамасы жөніндегі;

4) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес статистика, жинақтық талдау және
ақпараттық жүйені дамыту жөніндегі;

5) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес білім және ғылым саласындағы
сапаны бақылау жөніндегі комиссия ережелері бекітілсін.

3. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің комиссияларын құру туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 141 бұйрығының күші жойылсын.

4. Әкімшілік департаменті (Ш.Б. Жұмағали) осы бұйрықты Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен бағынысты ұйымдарының назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапты хатшы Ә.Қ. Ғалымоваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



А. Сәрінжіпов